# Құрмет орденін алды









**Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Орал қаласында «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» атты «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өткені белгілі.**

Осымен сегізінші мәрте ұйымдастырылған дәстүрлі «Алтын домбыра» айтысына еліміздің әр өңірінен 20 ақын қатысқан болатын. Бұл додада ақынымыз Айбек Киікбайұлы жүлделі үшінші орынды олжалады. Айтыс барысында Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ 2019 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен алаштың айтулы ақыны Айбек ҚАЛИЕВКЕ «Құрмет» ордені тапсырылды. Елдің мұңын айтып, жыр сүйер қауымның зор құрметіне бөленген ақынымызды жоғары дәрежелі марапатымен құттықтаймыз.

**Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы:**
**Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА,**
**Арқалық қалалық мәслихатының депутаттары.**